

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ҚҰСАЙЫНОВ
Асқарбек
Қабыкенұлы



Германияның доктор-инженері, педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Педагогикалық Ғылымдар Академиясының басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Бүкілдүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің Атқарушы комитетінің мүшесі
Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы

А. Құсайынов

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ



**ҚҰСАЙЫНОВ АСҚАРБЕК
ҚАБЫКЕНҰЛЫ**

Библиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Жауапты редакторлар:

Масалимова Ә.Р.
Туенбаева К.Т.

Құрастырушылар:

Таубаева Ш.Т.
Әлқожаева Н.С.
Булатбаева А.А.
Есенова К.А.
Қоңырова Ж.Б.
Құсайынов А.А.
Рақулова К.Ж.

Редактор

Аубакирова Ф.С.

Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы : биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. : Ш.Т. Таубаева, Н.С. Әлқожаева, А.А. Булатбаева, К.А. Есенова, Ж.Б. Қоңырова, А.А. Құсайынов, К.Ж. Рақулова; жауапты ред. : Ә.Р. Масалимова, К.Т. Туенбаева; ред. Ф.С. Аубакирова. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 217 б.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
БИБЛИОТЕКА АЛЬ-ФАРАБИ



**КУСАИНОВ АСКАРБЕК
КАБЫКЕНОВИЧ**

Библиографический указатель

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Ответственные редакторы:

Масалимова А.Р.

Туенбаева К.Т.

Составители:

Таубаева Ш.Т.

Алгожаева Н.С.

Булатбаева А.А.

Есенова К.А.

Коньрова Ж.Б.

Кусаинов А.А.

Ракулова К.Ж.

Редактор

Аубакирова Ф.С.

Кусаинов Аскарбек Кабыкенович : библиографический указатель / сост. : Ш.Т. Таубаева, Н.С. Алгожаева, А.А. Булатбаева, К.А. Есенова, Ж.Б. Коньрова, А.А. Кусаинов, К.Ж. Ракулова ; отв. ред. : А.Р. Масалимова, К.Т. Туенбаева ; ред. : Ф.С. Аубакирова. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 217 с.

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
AL-FARABI LIBRARY



Kussainov Askarbek Kabykenovich

Biobibliographic index

Almaty
«Kazakh University»
2021

Responsible editors:

Masalimova A.R.

Tuenbayeva K.T.

Compiled by:

Taubayeva Sh.T.

Algozhaeva N.S.

Bulatbayeva A.A.

Esenova K.A.

Kongyrova Zh.B.

Kussainov A.A.

Rakulova K.Zh.

Editors

Aubakirova F.S.

Kussainov Askarbek Kabykenovich : biobibliographic index /
Compiled by: Sh.T. Taubayeva, N.S. Algozhaeva, A.A. Bulatbayeva,
K.A. Esenova, Zh.B. Kongyrova, A.A. Kussainov, K.Zh. Rakulova;
responsible editors : A.R. Masalimova, K.T. Tuenbayeva; editors :
F.S. Aubakirova. – Almaty : Kazakh University, 2021. – 217 p.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш көрнекті ғалым, Германияның доктор-инженері, педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Педагогикалық Ғылымдар Академиясының басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Бүкілдүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің Атқарушы комитетінің мүшесі Асқарбек Қабыкенұлы Құсайыновқа арналған.

Көрсеткіштегі материалдарда ғалымның өмірі мен қызметі, іс-әрекетіндегі кейбір ерекшеліктер, оның еңбегіне замандастарының берген бағалары, жетістіктері, ғылыми еңбектері және жетекшілігімен қорғалған диссертациялар енгізілген.

«*De visu*» тексеруге мүмкіндік болмаған материалдар (*) жұлдызшамен белгіленген.

Көрсеткіштегі материалдар хронологиялық ретпен жүйеге келтірілген.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен видному ученому, доктору-инженеру Германии, доктору педагогических наук, профессору Казахского национального университета им. аль-Фараби, председателю правления Академии Педагогических Наук, лауреату Государственной премии Республики Казахстан, награжденному орденом «Парасат», члену Исполнительного комитета Всемирного совета обществ по сравнительному образованию Аскарбеку Кабыкеновичу Кусаинову.

Указатель включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, некоторые особенности его деятельности, оценки современников на его деятельность, достижения, научные труды и диссертации, защищенные под его руководством.

Материалы, которые не удалось проверить *«de visu»*, отмечены звездочкой (*).

Материал в указателе систематизирован в хронологическом порядке.

FOREWORD

This index is dedicated to Askarbek Kabykenovich Kussainov, a prominent scientist, Doctor-Engineer of Germany, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor at al-Farabi Kazakh National University, Chairman of the Board of the Academy of Pedagogical Sciences, Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, a holder of the "Parasat" Order, a member of the Executive Committee of the World Council of Comparative Education Societies.

The index includes the materials describing the scientist's life and work, the specifics of his activity, the assessments of his work by his contemporaries, his achievements, the scientific papers and theses defended under his supervision.

Materials that could not be verified "de visu" are marked with an asterisk (*).

The material in the index is presented chronologically.

АКАДЕМИК А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕНДЕРІ

Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов 1951 ж. 30 мамыр күні Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Қайнар аулында дүниеге келді.

1958-1968 жж. – Қайнар орта мектебінде оқыды.

1968-1973 жж. – Қазақ политехникалық институтының (ҚазПТИ) Энергетика факультетінің студенті.

1973-1975 жж. – ҚазПТИ аға лаборант, кіші ғылыми қызметкері.

1975-1976 жж. – Алматы энергетикалық институтының (АЭИ) аспиранты.

1976-1979 жж. – Герман Демократиялық Республикасының Ильменау қаласындағы Жоғары техникалық мектебінің докторанты.

1979-1991 жж. – АЭИ аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі.

1991-1997 жж. – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Болашақ даму және жаңа технологиялар басқармасының басшысы; Білім беру саласын стратегиялық дамыту жетекші басқармасының басшысы; ЖОО, колледждер мен облыстық білім беру басқармаларын инспекциялау Департаментінің директоры; Жоғары оқу орындары мен ғылым бас басқармасы бастығының орынбасары.

1997-1998 жж. – «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясының Бас редакторының бірінші орынбасары.

1998-2001 жж. – Республикалық мемлекеттік «Мектеп» («Рауан») баспасының директоры.

2001-2003 жж. – Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім беру академиясының президенті.

2004 ж. – бастап қазіргі уақытқа дейін «Педагогикалық Ғылымдар Академиясының» ҚБ басқарма төрағасы.

2000-2005 жж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (бір уақытта).

2005-2012 жж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі.

2012-2015 жж. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Мемлекеттік наградалар

2000 – «Ерен еңбегі үшін» медалі.

2001 – «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі.

2001 – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының ғылым, техника және білім беру саласындағы лауреаты.

2007 – Ресей елінің К.Д. Ушинский атындағы медалі «За заслуги в области педагогических наук».

2011 – «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі.

2016 – «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен.

2018 – «Астана 20 жыл» мерекелік медалі.

2019 – «Парасат» ордені.

Салалық министрліктер, университеттер мен Қоғамдық ұйымдардың марапаттары

1996 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» құрмет белгісі.

2001 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісі, № 0010.

2001 – Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісі, № 0011.

2001 – Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Құрмет грамотасы.

2009 – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ «Үздік түлек» атағын берді.

2011 – Қазақ-орыс халықаралық университеті «Алтын канат» Құрмет белгісімен марапаттады. Ақтөбе қаласы.

2011 – Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығы А.Байтұрсынов атындағы Күміс медалімен марапаттады.

2011 – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлері Әскери институтының «Қайсар» кеуде белгісі.

2011 – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Шәкәрім» медалі.

2011 – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Құрмет грамотасы.

2014 – «Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскеріне 20 жыл» кеуде белгісі, ҚР Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлері Бас қолбасшысы.

2014 – Қазақ-орыс халықаралық университетінің 20 жылдығына орай «Алтын қыран» Орденімен марапатталды, Ақтөбе қаласы.

2015 – «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалі.

2016 – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі».

2016 – «Тараз» мемлекеттік педагогикалық институтына 50 жыл» мерекелік медалі.

2016 – Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық кеңес алқасы «Білім беру саласының үздігі» құрметті атағымен марапаттады.

2017 – Республикалық «Генералдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі «Совет Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов» атындағы мерекелік медалімен марапаттады.

2017 – «Абыралы-Дегелең» қоғамдық қоры «Әміре Қашаубаев 130 жыл» мерекелік медалімен марапаттады.

2017 – «Солдаты особого риска» Қоғамдық Бірлестігі «Семей полигонының жабылуына 25 жыл, 1949-1991 жж.» медалімен марапаттады.

2018 – «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл» мерекелік медалі.

2019 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалі.

Құрметті ғылыми атақтар

1998 – Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, № 0136.

2001 – «KAZGOR» Жобалау академиясының құрметті академигі, 30 наурыз.

2004 – Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының толық мүшесі (академигі), № 0001.

2006 – Қазақ-орыс халықаралық университетінің құрметті профессоры.

2011 – Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі, № 0262.

2011 – Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, № 0310.

2011 – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

2011 – Семей мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры.

2011 – Қазақ қаржы-экономикалық академиясының құрметті профессоры.

2012 – Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі, № 823.

2016 – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры.

2018 – Набережночелнинск қаласындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің Құрметті профессоры.

2019 – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры.

Ғылыми дәрежелер мен атақтар

1979 – «Доктор-инженер» ғылыми атағы берілді, Ильменау Жоғары техникалық мектебі, Германия.

1980 – Техника ғылымдарының кандидаты, ЖАК КСРО, КД №00210.

1986 – КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия «Доцент» ғылыми атағын берді, Мәскеу, КД №00210.

1997 – Педагогика ғылымдарының докторы, ҒД №00796.

1999 – Профессор ғылыми атағы берілді, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия, ПФ №00796.

Ғылыми кеңестерге сайланған

2015 – Ресей білім академиясының Білім беруді стратегиялық даму институтының Салыстырмалы педагогика Ғылыми кеңесі Төрағасының орынбасары болып сайланды.

2017 – Ресей білім академиясының Балалардың дарындылығын зерттеу педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінің Шетелдік мүшесі болып сайланды, Новосибирск қаласы.

2018 – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің мүшесі.

Ғылыми басылымдардың редакциялық кеңес немесе алқа мүшесі болып сайланған

2004 – «Педагогикалық Ғылымдар Академиясының хабаршысы» журналының Бас редакторы.

2011 – Отечественная и зарубежная педагогика, РБА БДСИ, Мәскеу.

2012 – Сібір педагогикалық журналы, Новосибирск қаласы.

2013 – Духовно-нравственное пространство современного мира, Оңтүстік-Ресей ғылым-білім беру орталығының балалар мен жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру орталығы, Дондағы Ростов қаласы.

2013 – Оңтүстік федералды университетінің жаңалықтары. Педагогикалық Ғылымдар, Дондағы Ростов қаласы.

2016 – Алтай мемлекеттік университетінің Психология және Педагогика хабаршысы, Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул қаласы.

2016 – «Ценности и смыслы» журналы, РБА ПТТИ, Мәскеу.

2018 – «Педагогика» ғылыми-теориялық журналы, РБА, Мәскеу.

2019 – «Научные труды» журналы, Баку қаласы, Әзірбайжан Республикасы.

2020 – Ғылым-білім журналы «Профессиональное образование в России и за рубежом», Кемерово қаласы.

2021 – Беларусь мемлекеттік университетінің «Журналистика. Педагогика» журналы.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА А. К. КУСАИНОВА

Кусаинов Аскарбек Кабыкенович родился 30 мая 1951 г. в с. Кайнар Семипалатинской (ныне Восточно-Казахстанской) области.

1958-1968 гг. – учащийся Кайнарской средней школы.

1968-1973 гг. – студент Энергетического факультета Казахского политехнического института (КазПТИ), г. Алматы.

1973-1975 гг. – старший лаборант, младший научный сотрудник КазПТИ.

1975-1976 гг. – аспирант Алматинского энергетического института (АЭИ).

1976-1979 гг. – докторант Высшей технической школы г. Ильменау, Германской Демократической Республики.

1979-1991 гг. – старший преподаватель, доцент, заведующий кафедрой АЭИ.

1991-1997 гг. – начальник управления перспективного развития и новых образовательных технологий; начальник ведущего управления стратегий развития образования; директор Департамента инспектирования вузов, колледжей и областных управлений образования; зам. начальника главного управления высшего образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.

1997-1998 гг. – первый заместитель главного редактора Главной редакции «Қазақ энциклопедиясы».

1998-2001 гг. – директор Республиканского государственного издательства «Мектеп» («Рауан»).

2001-2003 гг. – президент Национальной академии образования им. Ы.Алтынсарина.

С 2004 г. по наст. время – председатель правления ОО «Академия Педагогических Наук Казахстана».

2000-2005 гг. – профессор (по совместительству) КазНУ им. аль-Фараби.

2005-2012 гг. – заведующий кафедрой общей педагогики Казахского государственного женского педагогического университета.

2012-2015 гг. – профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая.

С 2015 по наст. время – профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Государственные награды

2000 – Медаль «Ерен еңбегі үшін».

2001 – Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл».

2001 – Лауреат Государственной премии Республики Казахстан в области науки, техники и образования.

2007 – Медаль К.Д. Ушинского «За заслуги в области педагогических наук», Россия.

2011 – Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл».

2016 – Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл».

2018 – Юбилейная медаль «Астана 20 жыл».

2019 – Орден «Парасат».

Награды отраслевых министерств, университетов и общественных организаций

1996 – Нагрудный знак Министерства образования и науки Казахстана «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі».

2001 – Нагрудный знак Министерства образования и науки Казахстана «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі үшін», № 0010.

2001 – Нагрудный знак Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан «Мәдениет қайраткері», № 0011.

2001 – Почетная грамота Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан.

2009 – Звание «Үздік түлек» КазНТУ им. К.И. Сатпаева.

2011 – Почетный знак «Алтын қанат» Казахско-русского международного университета, г. Ақтобе.

2011 – Серебряная медаль им. А.Байтұрсынова, Ассоциация вузов Казахстана.

2011 – Нагрудный знак «Кайсар» Военного института Внутренних войск МВД РК.

2011 – Медаль «Шәкәрім» Государственного университета им. Шакарима, г. Семей.

2011 – Почетная грамота Национальной академии наук РК.

2014 – Нагрудной знак «Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскеріне 20 жыл», Главнокомандующий внутренними войсками МВД РК.

2014 – Награжден орденом «Алтын қыран» в честь 20-летия Казахско-русского международного университета, г. Ақтобе.

2015 – Юбилейная медаль «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл».

2016 – «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата.

2016 – Юбилейная медаль «Тараз» мемлекеттік педагогикалық институтына 50 жыл».

2016 – Почетное звание «Білім беру саласының үздігі», Республиканская коллегия совета по общественным наградам и званиям.

2017 – Юбилейная медаль «Совет Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов», Республиканское общественное объединение «Генералдар кеңесі».

2017 – Медаль «Семей полигонының жабылуына 25 жыл, 1949-1991 жж.», общественное объединение «Солдаты особого риска».

2018 – Юбилейная медаль «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл».

2019 – Медаль «Ерен еңбегі үшін» Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Почетные ученые звания

1998 – Академик Академии социальных наук, № 0136.

2001 – Почетный академик проектной академии «KAZGOR», 30 марта.

2004 – Действительный член Академии Педагогических Наук Казахстана (академик), № 0001.

2006 – Почетный профессор Казахско-русского международного университета.

2011 – Иностраннный член Российской академии образования, № 0262.

2011 – Академик Национальной академии естественных наук Казахстана, № 0310.

2011 – Почетный профессор Государственного университета им. Шакарима, г. Семей.

2011 – Почетный профессор Семипалатинского государственного педагогического института.

2011 – Почетный профессор Казахской финансово-экономической академии.

2012 – Академик Международной академии наук педагогического образования, № 823.

2016 – Почетный профессор Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова.

2018 – Почетный профессор Набережночелнинского государственного педагогического университета.

2019 – Почетный профессор Восточно-Казахстанского университета им. С.Аманжолова.

Ученые звания и степени

1979 – «Доктор-инженер», Высшая техническая школа г. Ильменау, Германия.

1980 – Кандидат технических наук, ВАК СССР, КД № 00210.

1986 – Доцент, ВАК при Совете Министров СССР Москва, КД № 00210.

1997 – Доктор педагогических наук, ФД № 00796.

1999 – Профессор, ВАК при Кабинете Министров Республики Казахстан, ПФ № 00796.

Избран в ученые советы

2015 – Избран заместителем председателя Научного совета по сравнительной педагогике Института стратегии развития образования Российской академии образования.

2017 – Избран Иностранным членом ученого совета Института педагогических исследований одаренности детей Российской академии образования, г. Новосибирск.

2018 – Член Ученого совета КазНУ им. аль-Фараби.

Избран членом редколлегии или редакционного совета научных изданий

2004 – Главный редактор журнала «Вестник Академии Педагогических Наук».

2011 – Отечественная и зарубежная педагогика, ИСРО РАО, г. Москва.

2012 – Сибирский педагогический журнал, г. Новосибирск.

2013 – Духовно-нравственное пространство современного мира, Южно-Российский научно-образовательный центр духовно-нравственного воспитания детей и молодежи, г. Ростов-на-Дону.

2013 – Известия Южного федерального университета. Педагогические науки, г. Ростов-на-Дону.

2016 – Вестник психологии и педагогики Алтайского госуниверситета, ФГБОУ ВПО «Алтайский государственный университет», г. Барнаул.

2016 – Ценности и смыслы, ИТИП РАО, г. Москва.

2018 – «Педагогика» научно-теоретический журнал РАО, г. Москва.

2019 – Журнал «Научные труды», г. Баку, Азербайджанская Республика.

2020 – Научно-образовательный журнал «Профессиональное образование в России и за рубежом», г. Кемерово.

2021 – Журнал Белорусского государственного университета. «Журналистика. Педагогика».

THE MAIN MILESTONES IN THE LIFE AND ACTIVITY OF ACADEMICIAN A. K. KUSSAINOV

Askarbek Kabykenovich Kussainov was born on May 30, 1951, in the village of Kainar, Semipalatinsk (now East Kazakhstan) region.

1958-1968 – student of the Kainar secondary school.

1968-1973 – student of the Energy Faculty at the Kazakh Polytechnic Institute (KazPTI), Almaty.

1973-1975 – senior laboratory assistant, junior researcher at KazPTI.

1975-1976 – postgraduate student of the Almaty Power Engineering Institute (AEI).

1976-1979 – Doctoral student at the Higher Technical School of Ilmenau, German Democratic Republic.

1979-1991 – Senior Lecturer, Associate Professor, Head of the Department at AEI.

1991-1997 – Head of the Department for Prospective Development and New Educational Technologies; Head of the Leading Department of Education Development Strategies; Director of the Department for Inspection of Universities and Colleges; Deputy Head of the Main Directorate of Higher Education and Science of the Ministry of Education and Science of the RK.

1997-1998 – First Deputy Editor-in-Chief of the “Kazakh Encyclopedias” main editorial office.

1998-2001 – Director of the Republican State Publishing House “Mektep” (“Rauan”).

2001-2003 – President of Y. Altynsarin Kazakh Academy of Education.

2004 until now – Chairman of the Board of the Public Association “Academy of Pedagogical Sciences”

2000-2005 – part-time professor at al-Farabi KazNU.

2005-2012 – Head of the Department of General Pedagogy at Kazakh State Women’s Pedagogical University.

2012-2015 – Professor at Abay Kazakh National Pedagogical University.

2015 until now – Professor at al-Farabi Kazakh National University.

State awards

2000 – Medal «Ерен еңбегі үшін».

2001 – Jubilee Medal «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл».

2001 – Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan in the field of science, technology and education.

2007 – Medal of K.D. Ushinsky «За заслуги в области педагогических наук», Russia.

2011 – Jubilee Medal «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл».

2016 – Jubilee Medal «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл».

2018 – Jubilee Medal «Астана 20 жыл».

2019 – Order of Parasat.

Awards of line ministries, universities and public organizations

1996 – Badge of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі».

2001 – Badge of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі үшін», № 0010.

2001 – Badge of the Ministry of Culture, Information and Public Consent of the Republic of Kazakhstan «Мәдениет қайраткері», № 0011.

2001 – Certificate of Honor of the Ministry of Culture, Information and Public Consent of the Republic of Kazakhstan

2009 – Given the title «Үздік түлек» Kazakh National Technical University named after K.Satpayev.

2011– Honorary badge «Алтын қанат» of the Kazakh-Russian International University, Aktobe.

2011 – Silver medal named after A.Baitursynov, Association of Universities of Kazakhstan.

2011 – Badge "Kaisar" of the Military Institute of Internal Troops of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

2011 – Medal «Шәкірім» of the State University named after Shakarim, Semey.

2011 – Certificate of Honor of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

2014 – Badge «Қазақстан Республикасы ИМ Ішкі әскеріне 20 жыл», Commander-in-Chief of the Internal Troops MINISTRY OF Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

2014 – Awarded the Order "Алтын Қыран" in honor of the 20th anniversary of the Kazakh-Russian International University, Aktobe.

2015 – Jubilee Medal «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне 80 жыл».

2016 – «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» Korkyt Ata Kyzylorda State University.

2016 – Jubilee Medal «Тараз» мемлекеттік педагогикалық институтына 50 жыл».

2016 – Given the title «Білім беру саласының үздігі», Republican Board of the Council for Public Awards and Titles.

2017 – Jubilee Medal «Совет Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов», Republican Public Association "Генералдар кеңесі"

2017 – Medal «Семей полигонының жабылуына 25 жыл, 1949-1991 жж.», public association «Солдаты особого риска».

2018 – Jubilee Medal «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл».

2019 – Medal «Ерен еңбегі үшін» Al-Farabi Kazakh National University.

Honorary academic titles

1998 – Academician of the Academy of Social Sciences, No. 0136.

2001 – Honorary Academician of the Design Academy "KAZGOR", 30 march.

2004 – Full member of the Kazakhstan Academy of Pedagogical Sciences (Academician), No. 0001.

2006 – Honorary Professor of the Kazakh-Russian International University.

2011 – Foreign member of the Russian Academy of Education, No. 0262.

2011 – Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, No. 310.

2011 – Honorary Professor of the State University named after Shakarim, Semey.

2011 – Honorary Professor of Semipalatinsk State Pedagogical Institute.

2011 – Honorary Professor of the Kazakh Academy of Finance and Economics.

2012 – Academician of the International Academy of Sciences of Pedagogical Education, No. 823.

2016 – Honorary Professor of Atyrau State University named after H. Dosmukhamedov.

2018 – Honorary Professor of Naberezhnye Chelny State Pedagogical University.

2019 – Honorary Professor of the S. Amanzholov East Kazakhstan University.

Academic titles and degrees

1979 – «Doctor-Engineer», Ilmenau Higher Technical School, Germany.

1980 – Candidate of Technical Sciences, HAC USSR, КД No. 00210.

1986 – Docent, HAC under the Council of Ministers of the USSR Moscow, КД No. 00210.

1997 – Doctor of Pedagogical Sciences, No. 00796.

1999 – Professor, HAC under the Cabinet of Ministers of the Republic of Kazakhstan, ПФ No. 00796.

Elected to the academic councils

2015 – Elected Deputy Chairman of the Scientific Council for Comparative Pedagogy of the Institute for Education Development Strategy of the Russian Academy of Education.

2017 – Elected as a Foreign Member of the Academic Council of the Institute for Pedagogical Research of Children's Giftedness of the Russian Academy of Education, Novosibirsk.

2018 – Member of the Academic Council of Al-Farabi Kazakh National University.

Elected as a member of the editorial board or Editorial Board of scientific publications

2004 – Editor-in-Chief of the Journal «Вестник Академии педагогических наук».

2011 – Отечественная и зарубежная педагогика, IEDS RAE, Moscow.

2012 – Siberian Pedagogical Journal, Novosibirsk.

2013 – Духовно-нравственное пространство современного мира, South-Russian Scientific and Educational Center for Spiritual and Moral Education of Children and Youth, Rostov-on-Don.

2013 Proceedings of the Southern Federal University. Pedagogical sciences, Rostov-on-Don.

2016 – Bulletin of Psychology and Pedagogy of Altai State University, «Алтайский государственный университет», Barnaul.

2016 – Ценности и смыслы, ИТНП РАН, Moscow.

2018 – «Педагогика» РАН scientific and theoretical journal, Moscow.

2019 – Journal «Научные труды», Baku, Republic of Azerbaijan.

2020 – Scientific and educational journal «Профессиональное образование в России и за рубежом», Kemerovo.

2021 – Journal of the Belarusian State University. «Журналистика. Педагогика».

АКАДЕМИК А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Аскарбек Құсайынов – Германияның доктор-инженері, педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) профессоры, академик, Педагогикалық Ғылымдар Академиясының (ПҒА) Басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері.

Әкесі Хұсайынов Қабыкен (1910–1982 жж.) – белгілі партия-кеңес қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Отан алдындағы ерен еңбегі үшін көптеген Мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Анасы Хұсайынова Сахия (1914–1993 жж.) – Батыр-ана, еңбек ардагері.

Аскарбек Қабыкенұлы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Қайнар аулында халыққа сыйлы үлкен отбасында дүниеге келген.

Академик А.Құсайынов Қазақстанда Салыстырмалы педагогика (СП) ғылымының және Ұ.Асылыповпен бірге «Оқулықтану» ғылымының негізін салған ғалым.

Ол Қазақстан мен шет елдердің көптеген ғылым академиялары мен университеттерінің академигі және құрметті профессоры. Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі.

Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Вестник журналының бас редакторы, шет елдердің 11 танымал ғылыми-теориялық және ғылыми-аналитикалық журналдарының редакциялық кеңес мүшесі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградаларымен, салалық министрліктер, университеттер мен Қоғамдық ұйымдардың наградаларымен марапатталған және «Педагогика ғылымына сіңірген мол еңбегі үшін» Ресей Федерациясының К.Д. Ушинский атындағы медалімен наградталған.

1968 ж. Қайнар орта мектебін медальмен бітіріп, Қазақ политехникалық институтының (ҚазПТИ) Энергетика факультетіне түседі.

1973 ж. политехникалық институттың «Төменгі температурадағы плазманы зерттеу» зертханасына орналасады. 1975 ж. ҚазПТИ Энергетика факультетінің негізінде Алматы энергетикалық институты (АЭИ) ашылды. Ол осы жылы АЭИ аспирантураға түсіп, 1976–1979 жж. Германияның Ильменау қаласындағы Жоғары техникалық мектепте (ЖТМ) докторантурада оқуын жалғастырады.

А. Құсайынов 1979-1991 жж. АЭИ-да аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1991-1997 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінде (БҒМ) Болашақ даму және білім берудің жаңа технологиялары, Білім беруді дамыту стратегиясы басқармаларының бастығы, Жоғары оқу орындары мен колледждерді инспектілеу департаментінің директоры, Жоғары білім және ғылым бас басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарады. Осы жылдары Министрліктің коллегия мүшесі болды.

1997-2003 жж. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы бас редакторының бірінші орынбасары, республикалық «Рауан» (Мектеп) баспасының директоры, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының (ҚБА) президенті қызметтерін атқарды. Министрліктер коллегияларының мүшесі болды.

2000-2005 жж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор, 2005-2012 жж. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде кафедра меңгерушісі, 2012-2015 жж. Абай атындағы ҚазақҰПУ профессор болды, ал 2015 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор болып жұмыс жасап келеді.

2004 ж. профессор А.Құсайыновтың бастамасымен РҚБ «Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» (ҚПҒА) құрылды. Осы уақыттан бері Академияның басқарма төрағасы қызметін атқаруда.

Асқарбек Қабыкенұлы 1979 ж. Ильменау қаласындағы ЖТМ неміс тілінде диссертация қорғап, «Доктор-инженер» деген ғылыми атақ алады. Ол шет елде докторантурада оқып, техника саласында «Доктор-инженер» деген ғылыми атақ алған Қазақстандағы алғашқы ғалым.

1991 ж. Білім және ғылым министрі, профессор Ш.Шаяхметовтың ұсынысымен министрлікке жұмысқа орналасады. Оған шет елдердің білім беру жүйелерін зерттеп, олардың оң тәжірибелерін елімізде пайдалану жолдарын қарастыру мәселелерімен шұғылдану міндеті жүктелді. Бұл СП ғылымы шұғылданатын проблемалар еді.

Ол министрліктің жауапты қызметтерін ғылыми жұмыстармен ұштастыра білді. 1993 ж. Германияның Аахен қаласындағы Техникалық университетте, ал 1994 ж. – Солтүстік Рейн-Вестфалия Жерінің Ғылым және білім министрлігінде ғылыми стажировкадан өтті.

1996 ж. «Герман Федеративтік Республикасы және Қазақстан Республикасында білім берудің дамуы» (салыстырмалы-педагогикалық сипаттама) тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Бұл елімізде СП саласында қорғалған алғашқы ғылыми еңбек болды.

Осы жылдары ол ҚР БҒМ тарапынан дайындалған «Білім беруді мемлекеттік тұрғыдан қолдаудың ұлттық бағдарламасы» (1993 ж.) және «Қазақстан Республикасы білім беру саласын дамыту және реформалау» (1996 ж.) жобаларын жасау үшін құрылған Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымдарына басшылық жасады. Осындай бағдарламаларды жасау барысында оның бойында білім беру жүйесі мәселелеріне біртұтас мемлекеттік тұрғыдан қарау қабілеті қалыптасты.

А.Құсайынов 2000 ж. ҚР Президенті жарлығымен бекітіген «Білім беру» бағдарламасын және 2006 ж. қабылданған ҚР «Білім туралы» Заңын (жаңа редакция) жазуға тікелей араласқан ғалымдардың бірі.

Профессор А.Құсайынов Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА президенті болып жүріп Мемлекеттік білім беру стандарттарын жасау мақсатында көптеген жұмыстар атқарды. 2002 ж. А.Құсайыновтың, М.Ж. Жадринаның және

С.Д. Муканованың жалпы басшылығымен 6-том жинақ «Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті орта білім беру стандартының негізгі ережелері» және 41 стандарт пен 34 оқу бағдарламалары жазылған «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары» жазылып, бекітілді. Осы жұмысқа жүздеген ғалымдар, мұғалімдер мен әдіскерлер жұмылдырылды. Бұл стандарттар елімізді білім беру жүйесінің дамуына мол үлес қосты.

А.Құсайынов қандай қызметте болса да СП ғылымымен шұғылдандудан қол үзген емес. Өзінің жүргізген барлық зерттеулерінде, жазған мақалаларында қарастырылып отырған мәселелерді шешуге қатысты, әлемдік және отандық озық тәжірибелер негізінде, нақты ұсыныстар жасайды. Бұл нағыз ғалым адамның ғана бойында болатын ерекше құнды қасиет.

Ол жоғары оқу орындарына (ЖОО) арнап жазылған алғашқы «Салыстырмалы педагогика» оқулығының, «Салыстырмалы педагогика әдіснамасы мен әдістері» оқу құралының, «Салыстырмалы педагогика» курсының типтік оқу бағдарламасының, осы салада жазылған көптеген монографиялық еңбектердің авторы. Оның ұсынысымен ЖОО СП пәні енгізілді.

Ол СП мәселелері бойынша 20-дан аса елдерде өткен халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда, Бүкілдүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің (БСББҚК) Конгрестерінде баяндамалар жасады.

А.Құсайыновтың бастамасымен ПҒА жанынан Қазақстан СП кеңесі (ҚСПК) құрылды. Бұл кеңес АҚШ, Гавайи, Гонолулу қаласында өткен БСББҚК мәжілісінде оған толық мүше болып қабылданып, профессор А.Құсайынов оның Атқарушы комитетінің мүшесі болып сайланды.

2008 ж. бастап ПҒА жыл сайын СП ғылымының өзекті мәселелеріне арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп келеді.

Танымал компаративист-ғалым А.Н. Джуринский өзінің Саластырмалы педагогика деген оқулығында: «Салыстырмалы педагогикада дәстүрлі көшбасшылармен

бірге жаңа көшбасшылар пайда болды: Б.Л. Вульфсон, А.Н. Джуринский, Н.Д. Никандров (Ресей); Ф.Альтбах, М.Кроссли, М.Экштейн (АҚШ); М.Брей (Гонконг); .А. Торрес (Аргентина); Р.Коуэн (Англия); Ю.Шрейвер (Германия); Валь Руст, Фарик Жубиш (Франция); А.Кусаинов (Қазақстан); Юкико Санаво, Т.Эндо (Жапония) және т.б.» – деп жазды. (М.: Изд-во «Юрайт», 2013 – 26 б.). Ол осылай академик А.Құсайыновтың СП саласындағы еңбегін жоғары бағалап, оны әлемдегі көшбасшы компаративист-ғалымдардың қатарына қосты.

1991 ж. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Қазақ тілінде сабақ беретін мектептер саны көбейіп, ЖОО қазақ тілінде дәріс беріле бастады. Осы кезеңде ғылым мен білім салаларында терминологиялық сөздіктер (ТС) жоқтың қасында еді. Қазақша сапалы дәріс беру үшін салалық ТС жазылу қажеттігін терең түсініп, ол АЭИ-да өзі дәріс беретін пәндер бойынша, Электротехника және электроэнергетика салаларының алғашқы орысша-қазақша терминологиялық сөздігін және көлемді түсіндірме сөздігін жазды. Қазақ тілінде оқу құралдарын шығарды. ҚР БҒМ жұмыс жасап жүргенде салалық ТС жасау жөнінде елімізде алғаш рет өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастырушылардың бірі болды.

Салалық ТС жасау жөніндегі ойын профессор А.Құсайынов «Мектеп» («Рауан») баспасында жұмыс жасап жүрген кезде ғана толық іске асыра алды. Оның ғылыми жетекшілігімен әрі бірлескен авторлығымен 1999-2000 жж. 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ТС топтамасы (әр томда 5 мыңдай термин болды), ал 2012-2014 жж. 30 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ТС топтамасы (әр томда 10 мыңнан аса термин болды) дайындалып, жарық көрді. Бұл сөздіктерді жасауға 500-ден аса ғалымдар мен сала мамандары ат салысты. Осындай еңбектің арқасында қазақ тілінде 200 мыңнан аса термин сөздердің қоры жасалды.

Қандай болмасын халықтың этнографиясының сөздігі – сол халықтың ерте заманнан бергі өмір сүру тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық киімдері, үй-жайы, мал-мүлік иелігі, тұрмыс-тіршілігі, пайдаланған кәсіби құрал-саймандары мен мәдени өмірі жайында кең мағлұмат береді. Демек, басқа ұлттардан ерекше көне даму тарихы мен мәдениеті бар ұлттар ғана сан-салалы этнографиялық сөздіктер жасай алады. Осындай халықтардың бірі – қазақ халқы.

2017 ж. профессор А.Құсайыновтың бастамасымен Қазақ этнографиясының 6 тілді (қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше, қытайша, арабша) қысқаша сөздігі дайындалып, жарық көрді. Сөздікте 1 мыңнан аса атау сөздер (терминдер) қамтылды. Астана қаласында өткізілген EXPO-2017 көрмесінде оның тұсаукесері өткізілеп, шет елдерден келген көрмеге қатысушылар мен қонақтарға 500 дана сөздік таратылды. Мұндай сөздіктер елімізде тұңғыш рет дайындалып, басылып шықты.

1992 ж. елімізде отандық оқулықтар жасау мақсатында көлемді жұмыстар басталды. Кеңестік дәуірде Қазақстанда қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарынан басқа оқулықтардың барлығы аударма оқулықтар болғандықтан, Оқулықтану ғылымы дамымаған еді.

«Мектеп» баспасында еңбек етіп жүріп профессор А.Құсайынов оқулық жасау теориясын зерттей бастады. 2000 ж. Ұ.Асылловпен бірге «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты монографиялық еңбек жазды. Бұл осы салада жазылған алғашқы ғылыми еңбек болды. Кейінгі жылдары ол өз зерттеулерін жалғастырды.

2018 ж. А.Құсайыновтың жетекшілігімен бір топ ғалымдар «Оқулық сапасын бағалау критерийлері» оқу құралын дайындады. Бұл еңбек ҚР БҒМ тарапынан қолдау тапты. «Оқулық» РҒМО-пен бірлесе отырып Оқулықтардың сапасын анықтау критерийлерінің жаңа жүйесі жасалып, қолданысқа енгізілді, оқу құралдарының сапасын көтеруге арналған Методикалық нұсқаулық дайындалды. ПҒА жанына құрылған Оқулықтану орталығы оқу әдебиеті авторларының

құзыреттілігін көтеру мақсатында білім жетілдіру курстарын өткізіп келеді.

2021 ж. академик А.Құсайыновтың «Оқулық жасау және бағалау теориясы» атты монографиясы жарық көрді. Кітап авторлар мен сарапшылардың кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған.

2010 ж. педагогика ғылымдарының докторлары А.Құсайынов, Ы.Наби және Ш.Таубаеваның бірлескен авторлығымен қазақ және орыс тілдерінде «Педагогика және Психология салаларындағы диссертациялар (анықтамалық-таңдамалық шолу)» жарық көрді. Бұл еңбекте 1985-2009 жылдары педагогика ғылымы бойынша қорғалған 231 докторлық және 1659 кандидаттық, психология ғылымы бойынша сәйкесінше – 15 және 21 диссертациялар жүйеленіп, оларға сараптама жасалып, приоритетті зерттеу бағыттары мен ұсынылатын зерттеу тақырыпнамасы берілді. Қазіргі кезге дейін осы еңбекте көрсетілген зерттеу бағыттары мен тақырыпнама бойынша көптеген зерттеулер жүргізіліп, диссертациялар жазылды.

А.Құсайыновтың бастамасымен құрылған ПҒА басты мақсаты білім беру саласында еңбек етіп жүрген ғалымдарды, ұстаздар мен оқытушыларды топтастыра отырып, білім беру жүйесі мен педагогика ғылымын дамыту мақсатында ҚР БҒМ қолдау көрсету болды.

Академия көптеген ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жобалар жасап, отандық және шет елдердің ғылыми мекемелерімен жасалған өзара тиімді келісімшарттар негізінде бірлесе жұмыстар атқарып келеді. Оның жанынан құрылған ҚСПК, Оқулықтану орталығы мен Білім жетілдіру институты нәтижелі істер атқарып отыр. Академияның Вестник журналы Импакт-факторы бар рейтингті журналдар қатарына қосылған.

Қазіргі уақытта Академия, құрамында 204 академияның толық мүшесі (академик), 185 корреспондент-мүшесі, 11 құрметті академик, 23 шетелдік мүшесі, 179 мүшесі және 50 ұжымдық мүшесі бар, танымал ғылыми орталыққа айналды.

Академик А.Құсайынов 4 оқулықтың, 4 оқу құралының, 23 оқу-методикалық басылымның, 19 монографияның, 8 кітаптың, 8 стандарттың, КСРО 3 Өнертабысқа авторлық куәлігінің, 19 зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігінің, 6 сөздіктің, 200-ден аса ғылыми мақаланың авторы.

Осы еңбектердің ішінде, жеке өзі 4 оқулық, 1 оқу құралы, 13 монография, 5 кітап, және 100-ден аса ғылыми мақала жазған, 9 зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігін алған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында 200-ге жуық мақаласы жарияланған. Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Оның ғылыми жетекшілігімен докторлық, кандидаттық, PhD және магистрлік диссертациялар қорғалды.

Ұйымдастыру комитеті.



Оң жақта отырған менің ғылыми жетекшім, профессор
Вольфганг Ротер, ортада – фрау К. Ротер.
Германия, Ильменау қ-сы., 1979 ж.



ҚР 14 жыл Премьер-Министрі болған, көрнекті Мемлекет
және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Бәйкен Ашимов,
оң жақта – Оңдасын Бәйкенұлы Ашимов.
«Мектеп» («Рауан») баспасы, Алматы қ., 1999 ж.



Түрік елдері мен халықтарының VII құрылтайына қатысқан Қазақстан делегациясы. Солдан оңға қарай: Қ.Құрманалиев, ҰҒА академиктері: Ш.Сарыбаев, Ә.Хайдаров, С.Зиманов, С.Қасқабасов, проф. С.Ақатаев. Түркия, Памуккале, 1999 ж.



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ҚР Мемлекеттік сыйлығын табыс етті. Үкімет үйі, Астана, 2000 ж.



«Үшінші ғасыр оқулығы: жасау, басып шығару, тарату» тақырыбында өткен ІІ Халықаралық конф. қатысушылар. Солдан оңға қарай: А.Кондаков, «Просвещение» баспасының бас директоры; Т.И. Голубева, Санкт-Петербург Білім комитетінің төрағасы; В.И. Шитарев, Санкт-Петербург вице-губернаторы. Санкт-Петербург, Смольный, 2002 ж.



Смольныйдың мәжіліс залы. Осы мінбеден 1917 ж. Владимир Ильич Ленин сөйлеген. Санкт-Петербург, Смольный, 2002 ж.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Солдан оңға қарай: Астана қаласының әкімі – Ә.Жақсыбеков; Білім және ғылым министрі – Н.Бектұрғанов; Президент әкімшілігінің басшысы – И.Тасмағанбетов; Президент әкімшілігі Протокол бөлімінің басшысы – Ж.Түймебаев. Ы.Алтынсарин атын. Қазақ білім академиясы, Астана, 2002 ж.



Солдан оңға қарай: Динара, Ақылбек, мен, Далила, Зия. Семей, 2002 ж.



Бүкілдүниежүзілік
салыстырмалы білім
беру қоғамдары
кеңесінің (БСББҚК)
президенті Марк Брей.
Қазақстан
Салыстырмалы
педагогика кеңесінің
БСББҚК құрамына
мүшесі болып
қабылданғаны туралы
куәлік тапсырды.

АҚШ, Гавайи,
Гонолулу, 2006 ж.



Америка және Дүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамы
кеңесінің президенті Виктор Кобаяши.
АҚШ, Гавайи, Гонолулу, 2006 ж.



«Үшінші мыңжылдық оқулықтары: жасау, басып шығару, тарату» тақырыбында өткен. III Халықаралық ҒПК президиумы. Бұрынғы Үкімет үйі, қазіргі Қазақ-Британ университетінің мәжіліс залы. Алматы, 2003 ж.



Симпозиумға қатысушылар (солдан оңға қарай): Марк Масон (Гонконг), Куангипши Чуйка Муйеба (Замбия). Гонконг, 2007 ж.



Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті. Солдан оңға қарай: Л.Тастемирова, А.Миразова, Ш.Беркімбаева, Г.Құрманбай, Б.Құлжабаев.
Алматы, 2007 ж.



Танымал компаративист-ғалым, РБА академигі
А.Н. Джуринский. Босния және Герцеговина, Сараево,
2007 ж.



Ресей білім академиясының (РБА) президенті, академик Н.Д. Никандров Ресей Үкіметінің К.Д. Ушинский атындағы медалін табыс етті. Мәскеу, 2007 ж.



Танымал ғалым, РБА академигі Шалва Амонашвили осы марапатпен құттықтады. РБА сессия мәжілісі. Мәскеу, 2007 ж.



Аустралия және Жаңа Зеландия салыстырмалы білім беру қоғамдары өткізген симпозиумға қатысушылар. Солдан оңға қарай, профессорлар: Ютока Отаука (Жапония), Кристина Фокс (БСББҚК Бас хатшысы), Давид Турнер, Крайн Сондиен (БСББҚК президенті). Отырған – Марк Брей. Батыс Аустралия, Перт қаласы, 2008 ж.



Қайнар орта мектебіне 80 жыл. Солдан оңға қарай: С.Наурызбаев, Б.Көпбаев, К.Нұрбикенова, мен, Б.Нығанұлы, Е.Балтабай, Д.Қошқарбаев, Н.Райханов, Р.Нұрғалиев. Қайнар ауылы, 2008 ж.



Токио университетінде Цукуба, Тахаку, Хиросима, Ашиа, Хитоцубаши және Токио университеттерінің ғалымдарымен кең мағыналы кездесулер өткізілді.
Жапония, Токио, 2008 ж.



ТМД елдерінің мұғалімдері мен білім саласы қызметкерлерінің I Съездіне қатысушылар. Ғ.Мұтанов, Ә.Ахметов. Астана, 2010 ж.



Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының кеңейтілген сессиясына қатысушылар. Солдан оңға қарай: профессор Г.В. Пальчик (Республика Беларусь), РАО президенті Н.Н. Никандров (Мәскеу), И.Э. Куликовская (Дондағы Ростов). Алматы, 2011 ж.



Солдан оңға қарай: Н.Нұрахметов, А.Абдыров, Б.Әбдікәрімов, К.Нарибаев, Ғ.Мұтанов, Г.Гамарник. Алматы, 2011 ж.



Еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толуына байланысты өткізілген Форумға қатысқан Алматы қаласы делегациясының мүшелері.

Солдан оңға қарай: профессорлар – Е.Обаев, Р.Алшанов;
ҰҒА академиктері – К.С. Ормантаев, Т.Ш. Шарманов,
Е.М. Шайхутдинов. Астана, 2011 ж.



Солдан оңға қарай: Б.Жақыпов, Т.Жұртбай, М.Айбергенова,
С.Қоңырбаева. Алматы, 2011 ж.



Ресей білім академиясы Білім дамыту стратегиясы институтының кеңейтілген ғылыми кеңесінде «Качество образования в мире и в Казахстане» кітабының талқылауы өткізілді. Ортада – институт директоры, академик С.В. Иванова. Мәскеу, 2013 ж.



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында өткен 30 томдық Салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасының тұсаукесер рәсімі.
Фотода осы рәсімге қатысқан сөздік авторларының бір тобы және Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты қызметкерлері.
Алматы, 2014 ж.



**Заңғар жазушы Герольд Бельгер – Гераға.
Алматы, 2013 ж.**



**Кемеңгер жазушы Медеу Сәрсеке.
Қайнар ауылы, 2017 ж.**



Қазақ этнографиясының 6 тілді қысқаша сөздігінің тұсаукесер рәсімі. Ортада – академик Ғ.Есім.
Ұлттық академиялық кітапхана. Нұр-Сұлтан, 2017 ж.



Ресей Үкіметінің көрнекті Мемлекет және қоғам қайраткері
Амангелді Тулеев. Кемерово, 2019 ж.



**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Қырымбек Көшербаев «Парасат» орденін табыс етті.
Ақорда, Нұр-Сұлтан, 2019 ж.**



**Солдан оңға қарай: отырғандар – Е.Х.Ищанов, Д.Ертарғынқызы,
А.Құдайбергенова, Н.С. Әлқожаева (кафедра меңгерушісі),
Ш.Т.Таубаева, А.Р.Масалимова (факультет деканы),
Ф.Т.Саметова (ПҒА «Оқулық» орталық директоры), К.А.Есенова;
магистранттар – Р.Умирбаева, Ж.Жұмағазы, А.Қожабай,
Ж.Тұрсынбай, М.Тұрысбекова, Д.Матниязова, Р.Бағланова,
Е.Әбдіжәділ, К.Рақулова, Ж.Б.Қоңырова (ПҒА аппарат басшысы),
Е.Шайланов. ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасы, ПҒА, Алматы, 2021 ж.**

КРАТКИЙ ОЧЕРК О ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА А.К. КУСАИНОВА

А.Кусаинов – доктор-инженер Германии, доктор педагогических наук, профессор, академик, профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби (КазНУ), Председатель правления Академии Педагогических Наук (АПН), лауреат Государственной премии РК, награжден орденом «Парасат».

Отец Хусаинов Кабыкен (1910-1982 гг.) – известный партийно-советский работник, ветеран Великой Отечественной войны, за заслуги перед Отечеством награжден многими Государственными наградами.

Мать Хусаинова Сахия (1914-1993 гг.) – обладатель награды «Мать-героиня», ветеран труда.

Аскарбек Кабыкенович родился в с. Кайнар, Семипалатинской области (ныне Восточно-Казахстанской области) в большой, дружной, почитаемой в обществе семье.

Академик А.Кусаинов является основоположником таких наук в Казахстане как сравнительная педагогика (СП) и совместно с У.Асылковым и учебниковедение.

